

ISSN 1814-6961

2/2005

ОТАН ТАРИХЫ

ФЫЛЫМИ журнал

Капиталистік қатынастардың енуіне байланысты қазақ байларының әлеуметтік бейнесінің өзгеруі (XIX ғ. аяғы - XX ғ. басы)

Нүрпейісов Т.
КР IIM ішкі әскерлері
Петропавл жоғары әскери училищесінің профессоры,
тарих ғылымдарының кандидаты.

Қазақ даласына капиталистік қатынастардың еніп, товар-ақша қатынасының дамуы нәтижесінде қазақ ауылының мал шаруашылығында болған жаңа құбылыстар қазақ шаруаларының әлеуметтік өміріндегі өзгерістерді тереңдете түсkenі белгілі. Қазақ ауылының еңбекші шаруалары өмірінде көрінген сияқты, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында қазақ байларының өмірінде де әлеуметтік жіктеліс тереңдей түсті. Егер, біз зерттеп отырған кезеңге дейін қазақ ауылының байлары байлығын тек мaldың санымен ғана есептеп отыrsa, XIX ғ. екінші жартысына қарай, әсірлесе ғасырдың аяғына таман өз шаруашылықтарын рынок қажетінен сай құрған, капиталистік өндірістік қатынастармен тығыз байланысты қазақ байлары шыға бастады.

Қазақ даласына товар-ақша қатынасының таралуы және капиталистік қатынастардың қазақ ауылына ені ұсақ шаруашылықтарды құйзелтіп, бар байлықты аздаған адамдардың қолына шоғырландырыды. "Натуралды шаруашылықтың негізін күйреткен капитал, біріншіден, дала пролетариатының армиясы - жатақтарды қебейтті, екіншіден, ірі жер шаруашылықтарының пайда болуына және олардың қарқындан есүнің жағдай жасады. Торғай облысының Ақмола, Қостанай uezінде кездесетін осындағы ірі шаруашылықтар орыстардың ауыл щаруашылығына қажетті жаңа еңбек құралдары бар, ондаган мың пүт бидай сататын жеке қожалықтарына үқсас келеді. Жердің, сондай-ақ, мaldың да жекелеген ру ақсақалдарының қолына шоғырлануы өлкенің барлық уездерінен байқалады, әсірлесе, шикізат көздеріне жақын аудандарда айқын көрінеді", - деп жазады XX ғасырдың басындағы қазақ ауылының өмірі туралы еңбек жазған Беротов [1].

Қазақ шаруаларының жатақтарға айналып, кедейленуінің себебі - олардың негізгі күнкөріс көзі болып отырған жерінен және малынан айырылып қалуы болды. Патша үкіметінің отаршылдық саясатының нәтижесінде ең соңғы жайылымдық және егістік жерінен айырылған қазақ шаруалары кедейлікке ұшырап, тігерге тұяғы қалмаса, ал қазақ ауылындағы феодалдық-рулық аристократиялық топтар, байлар, керісінше, қорлана түсіп, кедейлердің қолындағы бар мал мен жерді өз қолдарына алып қойды.

Далалық облыстарда қазақ ауылдарының әлеуметтік өмірінде болған жіктелістің тереңдей түсkenі туралы патша чиновниктерінің жазып кеткендеріне қарағанда, бұл процестің себебі мал шаруашылығында болған мүлік теңсіздігінің тереңдей түсken-

дігінен екенін анық байқауға болады. Қазақ ауылындағы күш пен билікті, әдет-ғұрып пен атадан келе жатқан салт-сананы шеберлікпен пайдалана білген байлар ең шұрайлы деген жайылымдық жерлер мен саны көп мaldың иелері болып шыға келді. Семей облысының Қарқаралы бөлімшесінің салық инспекторының жазған хабарында былай делінген: "уезде екі топ бірден көзге ұрып көрініп тұрады: бірі - мұлдем кедейлінген, аштан өліп жатқан кедейлер де, екінші - төрт құбыласы сай (обеспеченные), еш нәрсені мойындағайтын, билік үшін жанын салып күресіп жатқан қазақ байлары" [2].

1907-1908 жылдары Омбы uezінің бай және ауқатты адамдарының жалпы шаруашылықтағы үлес салмағы небәрі 16 пайыз бола тұра 110 мың бас мaldы иеленген, ал шаруашылықтың 84 пайызын құрайтын орташалар мен кедейлерде 115 мың мал болған [3]. Павлодар облысының шаруашылықтарында да осында жіктелістің болғаны жайында үездегі 1800 бай мен ауқатты шаруашылықтарда жинақталған мaldың 12500 кедей шаруашылықтағы мaldың санынан екі есе көп екендігін анық байқауға болады [4].

Мұндай мысалдарды далалық облыстардың кез келген uezінен мысал етуге болады.

Біз зерттеу жүргізіп отырған далалық облыстарда XIX ғасырдың соңына қарай, капиталистік қатынастардың қазақ даласына ене бастауына байланысты көптеген қазақтың ірі байлары тек қана мал мен жайылымдық жерлерге ғана ие болып қоймай, сондай-ақ егістік жерлерді де өз қолдарына алып алды. Сөйтіп, қазақ ауылындағы мүлік теңсіздігінің болуы тек малмән ғана емес, егістік жердің көлемімен де өлшенді. Мал шаруашылығы ірі байлардың негізгі көсібі болып бұрынғысынша шаруашылықтағы басым түрі болғанымен, жер шаруашылығы бай адамдардың шаруашылық істерінде көрнекті орын ала бастады.

Ақмола, Торғай, Семей облыстарының қазақ ауылдарында бұрынғы томаға түйік (натуральное) кешпелі мал шаруашылығына тән емес, жаңа өмірге сай, рынок жағдайына бейімделген байлардың жаңа әлеуметтік түрі пайда болды. Бұлардың әлеуметтік бейнесі қоныс аударушылардың деревняларындағы кулактарға үқсас болды.

Байлар шаруашылығын сипаттауда зерттеушілердің пікірлерінде айырмашылықтар бар. Мысалы, зерттеуші Толыбеков С.Е. капиталистік қатынастармен байланысты қазақ байларын жаңа әлеуметтік категория деп есептейді. Байлар әлеуметтік топ ретінде тіпті монгол шапқыншылығына лейін болғанын жазады [5]. Автодардың айтуынша, қазақтар кез келген малы көп адамдарды "бай" деп атаған. XIX ғасырдың екінші жартысына дейін қазақ байлары қазақ қоғамындағы жаңа әлеуметтік категория емес, бұрыннан бар топ екендігін айта келе, С.Е. Толыбеков, XIX ғасырдың екінші жартысында тек олардың қоғамдағы ролінің күшіне түсіндігін айтады [6]. Байлардың қоғамдағы ролінің есе түсін зерттеуші төрт түрлі себептермен түсіндіреді: 1) хандық биліктің жойылуымен, осыған орай хандардың тірегі болып тұрған билер құқының әлсіреуіне байланысты; 2) қазақтарды әкімшілік басқарудың аға сұлтандық және сұлтан-білеушіліктің жойылуына; 3) жаугершілік заманың саябырсына байланысты батырлардың (әлеуметтік топ ретіндегі - Т.Н.) азайып кетуіне; 4) Қазақстандағы товар-ақша қатынасының дамуына орай деп топшылайды [7]. С.Толыбековтың пікіріне үқсас тұжырымды өз еңбектерінде С.Зиманов

та көлтіреді [8]. Ал М.П.Вяткин қазақ байларының шығуын сауданың негізінде товар-ақша қатынасының дамуына байланысты тек XIX ғасырдың ортасында пайда болған жаңа әлеуметтік құрылым деп есептейді [9]. Оның көзқарасын зерттеуші В.Ф.Шахматов та қолдайды [10]. Ал Е.Б.Бекмаханов байлардың шығуын Ресей тарихында реформалық кезең деп аталған XIX ғасырдың екінші жартысында болған капиталистік қатынастардың дамуымен байланыстырады. Байларды автор феодалдық топқа қарағанда товар-ақша қатынасымен байланысты, өз шаруашылығында жалдамалы еңбекті пайдаланатын топ деп есептейді. Байлар жаңадан пайда болып келе жатқан үлттық сауда буржуазиясының екілдері болып табылады деп түсіндіреді автор [11]. Шынымен де XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында қазақ байлары буржуазиялық сипат ала бастады. "Далалық өлкеде жәрменке саудасы дамыды, - деп жазады А.Дорофеев 1902 жылы, - мал рынокты бағаға ие болып, ақшаға айырбастала бастады. Ал бұрын малы көптігімен асыл текті рудың байы атанған қазақ байлары орыс кулактарына үқсай бастады [12]. Бұл жолдардан қазақ байларының жаңа әлеуметтік құрылым емес, тек бұрынғы байлардың экономикалық ролінің өзгегенін ғана аңғаруға болады.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап кейбір қазақ байлары, әсіресе ғасыр соңына қарай отырышылықта көшіп, жер шаруашылығымен айналыса бастады. Қазақ даласының бүкілреспубликаның капиталистік рыноққа тартылуына байланысты алып-сатарлықта, астық саудалауға, мал саудалауға көшеді. Саудагер атанған оларды қазақ арасында "бай-саудагер", "бай-көпес" деп атап кетті.

"Бай" деген үғым, соған сәйкес "байлық" деген түсінік капиталистік қатынастар орнамай тұрғанда-ақ, қоғамда мүлік теңсіздігінің пайда болып, көшпелі тұрмысты басынан кешірген қазақ қауымында мал мен мал шаруашылығы өнімдеріне теңсіздік орнап, бар байлық жекелеген адамдардың қолына шоғырлана түскен уақыттан бері қарай бар үғым. Оған басқа дәлел ізdemей-ақ, қазақ халқының эпостық жырларын алып қарасақ көп қиналмай-ақ көз жеткізуге болады. Мысалы, "Қобыланды батыр" жырында:

"Кешегі өткен заманда,
Қара қыпшақ Қобыланды -
Атасы оның Тоқтарбай,
Халықтан асқан болды бай.
Байлығында есеп жоқ,
Айдалып бағып жайылды,

"Төрт тұлік малдың бәрі сай" [13], - деп жырланады. Ал "Алпамыс батыр" жырында байырдың әкесі тұралы:

"Жиделі Байсын жерінде,
Қоңырат деген елінде,
Байбөрі деген бай екен,
Төрт тұлігі сай екен,

"Байбөрі малға бай екен..." [13], - деп келуі өте ерте заманда да қазақ қоғамында байлардың болғанын дәлелдейді. Сондықтан қазақ ауылында байлардың бұрын да болғанын айта отырып, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында шаруашылықта болған жіктелістің тереңдеуіне байланысты олар әле-

уметтік жағынан біршама өзгеріске түсті деп айтуда болады. Олар орыс деревняла-рындардың кулактар феодалдардың сияқты жапдамалы еңбекті қажет еткенімен, қазақ байларының кулактардан айырмашылыны болды. Қазақ байлары қанаудың патриархалдық-рулық, феодалдық, әдісптерін мүмкіндігінше толық пайдаланды. Кулактар да крепостниктік қанаудың төсілдерін көм тайдалғанған жоқ. Алайда, революцияға дейінгі Ресейдің ауыыл шаруашылығының, феодалдық-крепостниктік қалдықтар сакталғанымен, капиталистік жолмен дәлімді. Ал қазақтың көштепі жаңе жартылай көштепі ауылдарындағы шаруашылықтарда капиталистік қатынастардың үлесінде томен болды да, патриархалдық-феодалдық қатынастар үстем болды. Қазақтың "жана" байы мен орыс деревнясындардың кулактың шығуының (экономикалық негіз) еркегі болды [14]. Кулактың тұдымынан ауыл шаруашылығында басын көтептік тауарынан діріс болса, капиталистік жолмен түссе бастапкан қазақ байлары наурауды шаруашылық үстем болған ортада есітіледі. Оның үстінде, қазақ далазында көштепі мант шаруашылығы үстем болса, Ресейде етін шаруашылығын басын еди. Сол себепті, каша үкестік болса даярыс кулактың үстем қазақ байларыннан тараптагы болған жаңа байынан бастап түссе де, ауытада мықты болып тұрған патриархалдық-феодалдық қалдықтардың үстем қозғалысынан кийінген, рұмын қадеттүркіннен көтүшілік болады.

Капиталистік өндірістік қатынастар мен байланысқа түсін қазақ ауылдың "жана" байларынан етінен енжіл әлеуметтік ортадан шықты. Біріншіден, ауындағы феодалдық-рулықтардың соғырлатындық тоptар-сұлтандар, биңор жаңа экономикалық тараптарға сәйкес езз шаруашылықтарын өзгертуге тырысты. Бірек аристократиялық топтан қазақ буржуазиясының екілдері өтеге аз шынды. Екіншіден, көштепінде үйрүй жынысы айдатын, отар-сөттер қой байтырын, табын табыннан көз аз өртеген қазақтың ортада байлардың саудаудың дамуынабайланысты, тауар жаңа қатынасның өртөнүе орал шаал сағатынан байлағра - скоттоғримыштан көтөріледі. Буржуазияның сипат азга баяттаған қазақ ауылының "жана" бейнедегі байларыннан көбі мінзе осы малы көтбайлаудағандардан шықты.

Қазақ байларының әлеуметтік жадайының өзгеріске үшінде Қазақстан мен Ресейдің нарықсындағы сауда жаңасының күшінде дебайланысты болды. Олар XIX ғасырдың басынан бастап аз көздік жоле дедеңдік саудамен айналысип, Ресейде Орта Азияның тауарарын атап, Ресейде Нертури мандаған жағдай, баязейлік сатарды Қазақстан мен Орта Азия базарарында тастағы сауда жағдай. Сайтес жүргімалғасаудың имплементациясынан көтөрілік жағдай. Бұл процес Қазақстан территориясында Ресей түркейдегі көншілгінен оралған ортада күштегі түсті. Бұл кезде қазақ даласында Орта Азияның көптердің ортегі менде, орыс көптерінен шындағыдағы тараптарға бастап болытын.

Қазақ даласында мағніялардың майдың шишиятын саудаға салуға формалық көзен-де жеке даңындыла үшін еткен. Біріншідеги жүрілік сөзінде дейінгі ортада сауда орындарына (базарар мен көмекшілерге) жыл сайын 300 мың басар кара мен 2 миллиардан асқа көзінен сауда түркіндең екен [15]. Мал сатымен шүрлі дағытын базардағы майдың небиғатын базарарда саутишілділік ала жысарраап дайындауды болған. Мал сатында түскен ақшаны белгілі бір болын кейінгі күндерде сақталған жағдайда жаңа анықтағылған түрлөрдегін анықтама түсінік анықтағанда арзан бағаға мал сатып алған оның қайтадан кимбет бағаға са-

тып, ортада мол байлықта кенеліп қалатан. Осындай тәсілмен сауда жасау мал сатумен айналысатын байлардың шықан шығынының орнын толтырып қана қоймай, оған қосымша пайда келтіріп, одан әрі қорландыра түседі.

Революцияға дейінгі қазақ ауылының тарихын зерттеуші П.П.Румянцевтің айтуынша қазақ байларының байлығы малының санымен есептелеген. Кейбір байлардың үйір-үйір жылқыларының саны он мыңдан саналатын. "Мал сату, - деп жазады П.П.Румянцев, - бай шаруашылықтарға ондаған мың сом қаржы әкелетін негізгі табыс көзі болып табылады. Мұндай табыс қайтадан айналымға түскен кезде ол жүздеген мың сомдарға жетеді" [16].

Қазақтың мал сатумен көсіптенетін байлары өз малдарын жергілікті жердің базарларынан ғері, Еуропалық Ресейдің, тіпті шетел базарларына шығарып көтпел сатуға тырысты. Олар Ресейлік өнеркәсіптердің мал және мал өнімдерімен тұрақты түрде қамтамасыз етіп тұратын жабдықтаушылары қызметін атқарды.

Ресей мен қазақ даласы арасындағы сауда операциясының дамуына темір жолдардың салынуы көп жағдай жасады. "Сібір темір жолының салынуна байланысты, - деп жазады дала генерал-губернаторы өз есебінде; - Еуропалық Ресейлің көтеген ірі тұтынурыноктары қырғыз (қазақ - Н.Т.) базарларымен байланысқа түсіп, тірі малмен, оның шикізатымен және сиыр майы есебіндегі сүт өнімдерімен өз қажетін қанғатандыруда" [17].

Ресейге темір жолдар арқылы мал көтпел әкетіле бастады. Мал шаруашылығындағы товарлықтың артуы сауданың дамуынан болды. Бұл кезде сауда тікеlei ақшалай сипат ала бастаған. Шаруашылықта товар-ақша қатынассының дамуы оның томаға-тұйықтық сипатын жойып, ыдыраста бастады.

Ақшамен сауда жасаған мал сатумен көсіптенген қазақ байларының товар айналымдары күн өткен сайын өсе берді. Мысалы, Қостанай уезінің байлары Байғабыл Букиннің 1890 жылы товар айналымы 150 мың сом, Оразбай Құраниевтің 100 мың, Әлімбай Жантөреевтің 80 мың, Сүлеймен Тастаныровтың 60 мың, Міржан Тастаныровтың 40 мың, Данияр Тастаныровтың 25 мың, Ораз Жантуаровтың товар айналымы 20 мың сом ақшага жеткен [18]. Ол кездегі жылқының жәрмеңкесі бағасы 15-20 сом болғанын айта кеткен жөн.

Ақшаның ролі туралы Крафт И.И. былай деп жазады: "Деньги сделались кумиром в глазах кочевого народа; они уничижают патриархальность отношений между людьми, создают "влияние" богачей среди должников. Стонет бедный народ, обираемый и угнетаемый богачами" [19].

Мал сатумен көсіптенген алғашқы қазақ ауылының сауда буржуазиясы майдың шикізат өнімдерін өндайтін, қайта өндайтін фабрика- завод сияқты көсіпорындарының да иелері болды. Мысалы, Қекшетауда май шығаратын заводтың иесі - Ысқақов, осындай заводтың иесі - Оспанов, тері илейтін заводтың иесі - Қошқаров, май заводының иесі - Момынжанов, ірі үн тартатын заводтың иесі - Кикин дегендер өздерінің сатқан малдарынан түскен қаржыға осындай өндіріс орындарын ашқан [20]. Көтеген көсіпкер-байлар ірі орыс фирмаларымен және банктерімен байланыста болған. Мысалы, Ақмолалық бай, тері илеу заводының қожасы Өзбеков тері өндеумен айналыса отырып мануфактуралық және бакалейлік товарларды көтпел сатып алып, қайтадан сатумен айналысқан. Оның қаржы операциясы мен вексельдік есебін Мемлекеттік банктің Ташкент бөлімшесі, Одессалық бөлімшесі, Волга-Кама

коммерциялық банкі, Мемлекеттік банктің Варшавалық конторы және басқалар жүргізді. Оның қаржылық құжаттарымен Мемлекеттік банктің ең ірі Петербургтік бөлімшесі де есептесті [21].

Нұсқа Қазақ ауылдарынан шықкан мал сатумен көсіптенген байлар өздерінің қызметтері арқылы Ресей өнеркәсібі үшін орасан зор пайда келтірді. Мұны Қекшетау уезінің бір топ байларының мына бір хабарламасынан анық байқауға болады: "Мы - элемент полезный, чем крестьяне - хлебопашцы, но, к сожалению, в оценку знания киргиз в экономическом быте России никто не входил. Мы безнедоимочные плательщики всяких повинностей, мы даем десятки тысяч дешевых лошадей в Европейскую Россию, мы даем столько же скота туда же, мы даем миллионы пудов на европейский рынок сала, шерсти, кож, овчин. Словом, мы деятельность живая сила в общей экономике государства" [22].

Жекелеген байлар (скотопромышленники) шетелдік фирмалармен де коммерциялық байланыстар жасаған. Деректерге сүйене отырып айтар болсақ қазақ байлары өз малдары мен мал өнімдерін экспорттерлер арқылы Батыс Еуропа мемлекеттері мен Америкаға да шығарған екен [23].

Қазақстанда шетелдік, өсіреле Еуропалық фирмалардың ашылуынан кейін кейбір заттардың бағасы көтерілді. Ал шетелдік фирма өкілдері мал шикізатын аса көп мөлшерде сатып алды. Мысалы, 1909 жылы даниялық Ландрут дейтін Семей уезінде 300 000 сомға сиырдың сары майын алса, германиялық Ургенсен 500 000 сомға сауда жасады [24].

Ресей Федерациясының Орталық мемлекеттік тарихи мұрағатында жинақталған құжаттарға қарағанда қазақ байлары Тюмень жәрмеңкесі арқылы Лондонға, Берлинге, Нью-Йоркке мал және мал шикізаты товарларын жіберіп тұрған [25].

Қазақ ауылдары сауда буржуазисының қалыптасуына XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында ашылған банктер мен әр түрлі кредит беретін мекемелердің ролі өте зор болды. Бұлардың жұмыс істеуі қазақ даласында товар-ақша қатынассының өрістеуіне орасан зор жағдай жасады. Алайда, товар-ақша қатынассының дамуы үлттық капиталдың қорлануын жылдамдата алмады. Өйткені, патриархалдық-феодалдық қатынастар үстем болып тұрғанда, натуралды қазақ шаруашылығы мен патша үкіметі тарапынан жүргізіліп отырған отаршылдық саясат жағдайында ол қорлану мүмкін болмады.

Капиталистік даму жолына түсे бастаған қазақ байларының шаруашылықтарын сипаттағанда таза мал шаруашылығымен айналысқан қазақ байларын капиталистер деп айтуда болмайды. Алайда, Ресей экономикасының әсерімен бай шаруашылықтарында ірі өзгерістердің болғаны ақсақат. Капиталистік жолға түсे бастаған байлар шаруашылығында шаруашылық қызметтің ескі және жаңа түрлөрі түрлөрі қатар жүріп, қанаудың патриархалдық-феодалдық және буржуазиялық әдістері қатар қолданылды. Байлар өз табыстарын көбейту үшін ауыл шаруашылық машиналарын пайдаланды. Қаржысының біраз бөлігін егістік жерлерді арендалауға бөлді. Қазақ байлары негізінен орыс өнеркәсібін шикізатпен қамтамасыз ететін жабдықтаушылар (поставщики) ролін атқарды. Олар орыс капиталистерімен бақталас бола алмады. Өйткені орыс капиталистерін өз қолына барлық билікті және ауыл шаруашылық шикізатын өндайтін барлық өндірісті біркітірген отаршылдық әкімшіліктер қолданап отырды. Қазақ байлары өз капиталдарын өнеркәсіп өндірісіне емес, сауда саласындаған жандандыра алды.

Сонымен қорыта келгенде "жаңа" бейнедегі байдың белгілері қандай дегенге келер болсақ, ол - ете үлкен жерге ие болып отырған, бұл жерді тек мал жайылымы үшін ғана пайдаланбаған, сондай-ақ, жер шаруашылығының товарлылығы байқалатын, аса көп малдың иесі болып, оның біраз бәлігін капиталдың қорлануы үшін базарларда саудаға салатын, шаруашылықта жалдамалы еңбекті пайдаланатын, рынокпен тығыз байланысы бар әлеуметтік категория. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында пайда болған, толық дамып жетіле қоймаған қазақ қоғамындағы сауда буржуазиясы орыстық империалистік буржуазияға тәуелді болды.

1. Беротов В. Страна свободных земель. - Спб., 1908. -С. 58.
2. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрафаты, 342-қор, 1-тізбе, 793-іс, 138-парап.
3. Тогжанов Г. Казахский колониальный аул. -М., 1934. -С. 69.
4. Бұл да сонда.
5. Толыбеков С.Е. О некоторых вопросах экономики дореволюционного кочевого аула казахов //Вестник АН КазССР. - 1951, №8(77).
6. Толыбеков С.Е. Кочевое общество казахов в XVII - начале XX века. - Алматы, 1971. - С.509-510.
7. Бұл да сонда, 510-бет.
8. Зиманов С.З. Общественный строй казахов первой половины XIX века. - Алматы, 1958. С.213-218.
9. Вяткин М.П. Очерки по истории Казахской ССР. -М., 1941. -С. 88.
10. Бекмаханов Е.Б. Байское хозяйство в Казахстане и его особенности во второй половине XIX - начале XX века. //Вопросы истории, сельского хозяйства, крестьянства и революционного движения в России. - М., 1961. - С. 46.
11. Дорофеев А. Киргизское скотоводство в Акмолинской области //Киргизская сибирская газета. 1902. № 8,9.
12. Батырлар жыры. Қөп томдық. 1-том. -Алматы, 1986. 17-бет.
13. Бұл да сонда. 2-том. - Алматы, 1986. 7-бет.
14. Сундетов С.А. Огенезисе капитализма в сельском хозяйстве Казахстана. - Алматы, 1970. - С. 47.
15. Бұл да сонда. С. 60.
16. Румянцев П.П. Киргизский народ в прошлом и настоящем. -Спб., 1910. -С. 63.
17. Ресей Федерациясының Орталық мемлекеттік әскери-тариhi мұрафаты, 400-қор, 1898-іс, 9-парап, (Москва).
18. Бекмаханов Е.Б. К вопросу о социальном строе казахов второй половины XIX в. / Вестник ан КазССР. 1950. - № 2. - С.37.
19. Памятная книжка Тургайской области на 1890 год. - Оренбург, 1891. - С.479.
20. Бекмаханов Е.Б. Присоединение Казахстана к России. - М., 1957. - С.279.
21. Сундетов С.А. О генезисе капитализма в сельском хозяйстве Казахстана. - Алматы, 1970. - С. 64.
22. Ресей Федерациясы Орталық мемлекеттік тарихи мұрафаты, 391-қор, 1-тізбе, 662-іс, 12-13пара, (Санкт-Петербург).
23. ҚРОММ.. 342-қор, 1-тізбе, 423-іс, 26-парап.
24. Бұл да сонда. 175-қор, 2-тізбе, 2-іс, 8-парап.
25. РФ ОМТМ. 1276-қор, 8-тізбе, 132-іс, 7-9-парап.

В статье рассматриваются вопросы изменения статуса степных аристократов в связи проникновением капиталистических отношений в Казахстане конца XIX-начала XX веков.

In article are considered questions of the change the status step's aristocrat in relationship by penetration capitalistic relations in Kazakhstan and XIX-begin XX centuries.